– Мемлекет басшысы өз Жолдауында азаматтарды сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрғын үй-коммуналдық жүйені кешенді жаңғырту Үкімет жұмысының басты бағыттарының бірі екенін атап өткен болатын. Осыған орай облыс әкімінің қолдауымен ауданымызда тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға бағытталған ауқымды шаралар жүзеге асырылуда. 2022 жылдан бері Индер ауданында апатты деп танылған үйлерден тұрғындарды көшіру жұмыстары кезек-кезеңімен жүргізіліп келеді. Бұл жолы жаңа баспаналар

апатты деп танылған үш жатақхананың тұрғындарына беріліп отыр, – деді қос ауылда өткен рәсімге қатысқан Индер ауданының әкімі Серік Нсанбаев.

Жаңа пәтерлер Бөдене ауылындағы Қ.Әбдіров көшесі мен Жарсуат ауылындағы Қ.Мурзин көшесінде орналасқан. Екі және үш бөлмелі баспаналар барлық қажетті инженерлік инфрақұрылыммен толық қамтылған.

Жаңа үйге қоныстанған тұрғындардың бірі Үміт Лұқпанова көрсетілген қолдауға ризашылығын білдірді.

– Апатты үйден жайлы әрі кең пәтерге көшірген облыс және аудан басшылығына ауыл тұрғындары атынан алғыс айтамыз. Қуанышымызда шек жоқ. Пәтер жарық, кең, өте ұнады, – деді ол.

Бұған дейін Индер ауданында апатты деп танылған 112 пәтердің тұрғындары жаңа баспанамен қамтылған.  
**Бек АЙДАРӘЛИ**



\*Әлеумет

## Бағаны КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?

СОҢҒЫ УАҚЫТТА ТҮРҒЫНДАР АРАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ЖИІ КӨТЕРІЛІП ЖҮР. ӘСІРЕСЕ БІР ӨНІМНІҢ ӨРТҮРЛІ САУДА ОРЫНДАРЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ АЙЫРМАШЫЛЫҚПЕН САТЫЛУЫ, ШАҒЫН ДҮКЕНДЕРДЕГІ БАҚЫЛАУДЫҢ ӘЛСІЗДІГІ, СОҢДАЙ-АҚ ДЕЛДАЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ ДЕ ҚАЛЫҢ БҰҚАРАНЫҢ НАЗАРЫН ЕРІКСІЗ АУДАРЫП ОТЫР. БҰЛ МӘСЕЛЕ ҚАРАПАЙЫМ ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ҚАТАР, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН САЛА МАМАҢДАРЫНЫҢ ДА ТАЛҚЫЛАУ НЫСАНЫНА АЙНАЛДЫ.

(Толығырақ 15-бетте)



\*Инновация

## Ақылды жастар арамызда жүр

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА АТЫРАУ HUB БАЗАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН А-PRO ACADEMY БАҒДАРЛАМАЛАУ МЕКТЕБІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ АТА-АНАЛАР МЕН ТӘРБИЕШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАНЫ ЖАСАП ШЫҚТЫ. ЖОБА ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТЫ АЗАЙТЫП, ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ЖЕҢІЛДЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

Жаңа платформа Kundelik.kz жүйесіне ұқсас, алайда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының талаптарына бейімделген. Мұнда тәрбиешілер оқу жоспарын бір айға немесе бір жылға алдын ала құрып, ал ата-аналар баласының даму барысын онлайн режимде бақылай алады.

Академияның негізін қалаушы Нұрлыбек Аталықовтың айтуынша, платформа А-Pro Group экожүйесі аясында іске асырылған. Жобаны А-Pro Studio бағытында білім алып жүрген мектеп оқушылары ойлап тапқан екен. Өнертапқыш команда Атырауда өткен Hackathon байқауында бірінші орын алып, Астана қаласындағы республикалық кезенге қатысқан. Қазір жоба одан әрі жетілдіріліп жатыр. Алдағы уақытта платформаға балаларды тіркеу кезінде дауыстан тану технологиясын енгізу жоспарлануда. Бұл жүйе сабақ барысында оқушылардың белсенділігін автоматты түрде анықтап, бағалау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өз тілшіміз

// Азық-түлік себеті

**СОҒЫ УАҚЫТТА СҮРҒЫНДАР АРАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ЖИІ КӨТЕРІЛІП ЖҮР. ӘСІРЕСЕ БІР ӨНІМНІҢ ӨРТҮРЛІ САУДА ОРЫНДАРЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ АЙЫРМАШЫЛЫҚПЕН САТЫЛУЫ, ШАҒЫН ДҮКЕНДЕРДЕГІ БАҚЫПАУДЫҢ ӘЛСІЗДІГІ, СОНДАЙ-АҚ ДЕЛДАЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ ДЕ ҚАЛЫҢ БҰҚАРАНЫҢ НАЗАРЫН ЕРІКСІЗ АУДАРЫП ОТЫР. БҰЛ МӘСЕЛЕ ҚАРАПАЙЫМ ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ҚАТАР, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН САЛА МАМАНДАРЫНЫҢ ДА ТАЛҚЫЛАУ НЫСАНЫНА АЙНАЛДЫ.**

### ДЕЛДАЛҒА ДАМЫЛ ЖОҚ

Махамбет ауданының тұрғыны Айгүл Бақтыгерейқызы азық-түлік бағасының шарықтап тұрғанына алаңдаулы. Оның айтуынша, кейбір сауда орындары бағаны өз бетінше қоя салатындай әсер қалдырады.

– Бір дүкенде 2 келі қаймақ 2400 теңге тұрса, екінші дүкенде – 2850 теңге. Мұндай айырмашылық қайдан шығады?! Бағадағы айырма 20-30 теңгеден аспауы керек емес пе?! Оның үстіне кассалық аппаратсыз сауда жасап отырғандар да көп. Бұл – заңсыз. Сақтау мерзімі өтіп кеткен тауарлар да сөрелерде тұр. Сонда қарапайым халықтың жағдайын кім ойлайды?! – дейді ол наразы кейіппен.

Бұл мәселеге қатысты жауап берген облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бөлім басшысы Ризабек Мусағалиев биылдан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті баға бекітілмейтінін айтты. Дегенмен, бұл «баға еш бақылаусыз қалды» деген сөз емес.

Оның айтуынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары 15 пайыздан жоғары үстеме бағамен сатылған жағдайда облыстық сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаменті Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес 5 айлық есептік көрсеткіштен 150 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға құқылы. Биыл осы талапқа сәйкес 20 кәсіпкерлік субъектісіне айыппұл салынып, 14 субъектіге ескерту түрінде хаттамалар толтырылған. Сонымен қатар делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссия шешімімен 95 өнімсіз делдал анықталған.

### ҚОРДАҒЫ ӨНІМ – ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒАМЕН

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Азат Қапановтың айтуынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тұрақтандыру қоры арқылы қолжетімді бағамен сатылып жатыр. Шенеунік өнімнің жеткілікті болуы, бағаның тұрақты сақталуы апта сайын кәсіпкерлерден алынатын есептер және тұрақты жүргізілетін мониторинг арқылы бақыланатынын айтты.

Облыста көкөніс, бақша өнімдері маусым кезінде ең төмен бағамен ұсынылады. Атырау қаласындағы «Дина», «Көктем», «Мұрагер», «Насиха» базарларында шаруа қожалықтарына арнайы орындар да бөлінген. Олар өз өнімдерін халыққа делдалсыз, тікелей сататындықтан, өз бағасын қояды. Бұл – әбден үйреншікті тәжірибе.

Маусымаралық кезеңге тұрақтандыру

# Бағаны КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?



қорын қалыптастыру және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын ұстап тұру мақсатында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына тиісті ұсыныстар жолдаған. Нәтижесінде бытыр шарт жасалған 3,9 миллиард теңгеге биылғы және алдыңғы жылдардан ауысқан ұзартылған келісім-шарттар да кіреді екен. Қаражат әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі азық-түлік тауарының бағасын тұрақтандыруға арналған.

Алдағы уақытта тұрақтандыру қорындағы көкөніс өнімдері мен жалпы қор көлемін екі есеге ұлғайту көзделген. Осы бағытта биыл жергілікті тауар өндіруші фермерлер және сауда орталықтарымен бағаны тұрақтандыру жөнінде ресми уағдаластық жасалып жатыр. Оны іске асыру үшін жергілікті бюджеттен қосымша бөлінген 3 миллиард теңге облыста азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу мақсатында кезең-кезеңімен игерілмек.

Басқарма ұсынған мәліметте жергілікті тауар өндірушілер өз өнімдерін негізінен төмен бағамен ұсынады. Бағаның шектен тыс өсуіне көбінесе үй маңындағы шағын дүкендер әсер етеді екен. Себебі олар базарлар мен жергілікті өндірушілерден сатып алған өнімін бірнеше есе үстеме бағамен

қайта сатады. Осыған байланысты халық көп шоғырланатын жерлерде, базарлар мен арнайы сауда алаңдарында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге тұрақты түрде орын беріліп отыр.

– Бағаны тұрақтандыру бағытындағы тағы бір маңызды шара – көкөніс сақтау инфрақұрылымын дамыту. 2024 жылы екі көкөніс қоймасын салуға қаражат бөлініп, жалпы сыйымдылығы 21 500 тоннаны құрайтын қоймалар пайдалануға берілді. Олар маусымаралық кезеңде өнімді сақтап, бағаны ұстап тұруға мүмкіндік береді. Жылыжайда өсетін көкөністерге де мемлекеттен қолдау бар. Қияр мен қызанақ өсіретін шаруашылықтарға тұқым, тыңайтқыш және өндірістік шығындар бойынша субсидиялар беріледі. Бытырдан бастап электр энергиясы мен газ шығындарының бір бөлігін субсидиялау басталды, бұл биыл да жалғасып жатыр. Мұндай шаралар жылыжай өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға бағытталған. Дегенмен, қазір жылыжайлар облысты толық көлемде көкөніспен қамтамасыз ете алмайды, сондықтан жаңадан жылыжай кешендері салынып жатыр, – деді Азат Салауатұлы.

Өткен аптада жарияланған апталық мониторинг нәтижелері де облыстағы азық-түлік бағасының тұрақты екенін көрсетеді. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың баға индексі – 100,0-100,6%.

Күріш пен бірінші сұрыпты бидай ұнының бағасы өзгеріссіз, қарақұмық жармасында аздаған өсім байқалған. Ет, сүт, көкөніс және май өнімдері бойынша да бағада күрт өсім жоқ. Дегенмен кейбір тауарларда өсім де, арзандау да бар.

Тұрақтандыру қоры арқылы ет және көкөніс өнімдері сатылатын сауда орындарының дені қала базарлары мен шағын дүкендерде орналасқан. Қаладағы «№1 ет гастрономы» сауда желісінде тұрақтандыру қоры есебінен сиыр (жауырын-төстік, сүйегімен) және тауық еті сатылуда. «Халил Уста» дүкендері мен «Ярмарка Retail» супермаркеттер желісінің кейбір нүктелерінде тауық еті қолжетімді бағамен ұсынылып отыр. Ал «Дина» және «Сарайшық» базарларында орналасқан «Агрофеликс» шаруа қожалығының павильонында, «Сарайшық», «Насиха» және «Дина» базарларындағы «Дихан» павильондарында картоп, сәбіз, пияз және қырыққабат тұрақтандыру қоры арқылы сатылуда.

### САРАПШЫНЫҢ БОЛЖАМЫ

Экономист Жангелді Шымшықовтың айтуынша, бүгінде азық-түлік бағасының күрт өспей тұрғаны туралы ресми мәліметтерді ішінара дұрыс деуге болады. Алайда

мұны бағаның толық тұрақтануы деп қабылдауға әлі ерте.

– Қазір байқалып отырған баға тұрақтылығы – қысқа мерзімді құбылыс. Оның бірнеше объективті себебі бар. Біріншіден, қараша-желтоқсан айларында қазақ халқы дәстүрлі түрде соғым сояды. Сол себепті шамамен үш-төрт ай бойы, яғни мамыр айына дейін халық дүкеннен ет сатып алмайды. Сұраныс азайған кезде баға да өздігінен тұрақтанып, тіпті төмендеу үрдісі байқалады. Сондықтан қазір ет бағасы ерекше көтеріліп жатыр деп айту қиын. Көкөніс өнімдерінің жағдайы да осыған ұқсас. Халықтың көпшілігі қыс мезгіліне арнап, алдын ала қор дайындап алуға үйренген. Қырыққабат, картоп, сәбіз секілді өнімдер үйде сақталады. Осы себепті дүкендердегі көкөніске деген сұраныс та айтарлықтай төмендейді. Сұраныс азайған соң, баға да белгілі бір деңгейде тұрақталғандай әсер қалдырады. Бірақ бұл жағдай ұзаққа созылмайды. Ең көп дегенде үш ай шамасында ғана, – дейді экономист.

Жангелді Шымшықов баға сырттай өзгермегенімен, ішкі жағынан өсім бар екенін де жоққа шығармайды. Мәселен, дүкеннен нан, жұмыртқа немесе басқа да азық-түлік алғанда, баға бұрынғыдай болып көрінуі мүмкін. Алайда қосылған күн салығының 16 пайызға дейін өскені тұтынушының чегінде айқын көрінеді. Яғни, баға өзгермеді дегеннің өзінде, іс жүзінде ол 16 пайызға қымбаттады деген сөз.

– Бұл – салық жүйесі арқылы болған жасырын өсім. Қазіргі жағдайға қарап түбегейлі қорытынды жасауға әлі ерте. Бағаның нақты өсімі, әсіресе қосылған күн салығының өсірілуіне шамамен үш айдан кейін айқын байқалуы мүмкін. Сондықтан бүгінгі «тұрақтылық» уақытша ғана, – деп түйіндеді Жангелді Ерденұлы.

Облыста танылған «Дастан» шаруа қожалығының басшысы Қоныс Ерманов өзі өндіретін көкөніс өнімдерінің бағасы базардағы күнделікті бағамен бірдей екендігін айтады.

– Базардағы көкөніс бағасын анықтап аламыз да, сол бағамен өзімізге тиесілі үш сауда нүктесінде сатамыз. Мысалы, базарда қызанақ 200 теңге болса, біз де 200 теңгеден сатамыз. Ал кейбір делдалдар оны 350-400 теңгеге дейін қымбаттатып жібереді. Сол себепті көкөніс бойынша біздегі баға облыс көлемінде ең төмен бағаның бірі деп айта аламын. Ет өнімдерін қазір бөлшек саудада сатпаймыз, алайда сиыр, жылқы және қой бордақыланып жатыр. Қаңтардың соңына қарай алғашқы өнім дайын болады деген межеміз бар. Фермерден алған етке делдалдар шамамен 700 теңгеге дейін үстеме қосып сатып отырғанын естіп жүрміз. Сөйтіп, олар бір сиырдан жүздеген мың теңге пайда көріп отыр. Бұл – фермер үшін тиімсіз. Сондықтан енді дүкен ашып, өнімді тікелей өзіміз сатуға жоспарлап отырмыз. Кәсібін енді бастаған кәсіпкерлер арзан баға қою арқылы ғана саудасын дамытуға болады. Біз бұл салада 25 жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келеміз және ең басты қағидатымыз – халыққа қолжетімді баға ұсыну, – деді Қоныс Амантұрлыұлы.

Облыста азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында бірқатар жүйелі шара жүзеге асып жатқаны байқалады. Азық-түлік бағасын тұрақтандыру тек уақытша шарамен шектелмей, бақылау мен ашықтықты қамтамасыз ету, өндіруші мен тұтынушы арасындағы тікелей байланысты арттыру арқылы жүйелі түрде жалғасуы қажет. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесі халықтың күнделікті тұрмысынан анық көрінгенде ғана өз тиімділігін толық көрсетпек.

Алмас ҚАБДОЛ

// Қала тынысы

## ҚАР тазаланып, ТҰЗ себілді

17 ҚАҢТАРДАН БЕРІ АТЫРАУ ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНАН 11 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСТАМ ҚАР ҚАЛА СЫРТЫНА ШЫҒАРЫЛДЫ. ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕН ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛДАРЫН, ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР МАҢЫН, ҚАУІПТІ БҰРЫЛЫСТАР МЕН КӨПІРЛЕРДЕГІ КӨКТАЙҒАҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ЖОЛДАРҒА 450 ТОННА ТҰЗ ЖӘНЕ 460 ТЕКШЕ МЕТР АРНАУЛЫ ТОПЫРАҚ СЕБІЛДІ.

– Қала бойынша қар тазалау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде бұл жұмыстарға «Арнаулы автобаз»-ның 15 техникасы мен 40-қа жуық жол қызметкері жұмылдырылған, – деді «Арнаулы автобаз» ЖШС басшысы Алмаз Ізтілеуов.

Алда күн суытып, көбіне бұлтты болмақ; түнде термометр көрсеткіші шамамен -7...-8°C,

күндіз -1...-2°C-ге өзгереді деп болжануда. Аздаған жаңбыр жауып, солтүстік-шығыстан жел соғуы ықтимал.



### ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес «Атырау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2026 жылғы 10.03.2026 ж. сағат 10:00-де Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Сүлейменов көшесі, 39, «Мәдениет үйі» мекенжайында ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар «Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентінде көріс желілері мен құрылыстарын салу. 2-іске қосу кешені» техникалық жобасына арналған Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ / РООС) бойынша өткізіледі. Онлайн режимде ZOOM арқылы қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/73904211992?pwd=xbd0SsA3J2DPMJUyabwHCAqFhKz0td.1> Meeting ID: 739 0421 1992. Passcode: G1J5u3

Бастамашы: «Атырау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ, Атырау қ., Әйтеке би к-сі, 77 Тел.: 8 (7122) 27-09-18 БИН: 050140003056 Жоба әзірлеуші: «МунайЭнерджиГрупп» ЖШС, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 8-ғимарат, н.п. 16-9В БИН: 110140015638 РООС бойынша құжаттама Ұлттық деректер банкінің сайтында орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz> Қоғамдық тыңдауларға шығарылған құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде мына мекенжай бойынша қабылданады: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Пошталық мекенжайы: 060010, Атырау қ., Әйтеке би к-сі, 77 Тел.: 8 (7122) 325-509 Электрондық пошта: [atr\\_priroda@mail.ru](mailto:atr_priroda@mail.ru) <https://ndbecology.gov.kz> Жобалар бойынша қосымша ақпаратты келесі байланыс арқылы алуға болады: [uaitzhanova@megroup.kz](mailto:uaitzhanova@megroup.kz) Тел.: +7 701 372 04 20. Географиялық координаттар: Солтүстік ендік – 47° 31' 25.91", Шығыс бойлық – 52° 58' 44.96".

№ 156 «02» февреля 2026 г.

### Эфирная справка

Настоящей справкой подтверждается, что 2 февраля 2026 года в эфире телеканала «Caspian NEWS» была размещена бегущая строка на тему:

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес «Атырау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2026 жылғы 10.03.2026 ж. сағат 10:00-де Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Сүлейменов көшесі, 39, «Мәдениет үйі» мекенжайында ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар «Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентінде кәріз желілері мен құрылыстарын салу. 2-іске қосу кешені» техникалық жобасына арналған Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ / РООС) бойынша өткізіледі. Онлайн режимде ZOOM арқылы қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/73904211992?pwd=xbdoSsA3J2DPMJUyabwHCAqFHkz0td.1>

Meeting ID: 739 0421 1992. Passcode: G1J5u3

Бастамашы: «Атырау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ,  
Атырау қ., Айтеке би к-сі, 77 Тел.: 8 (7122) 27-09-18 БИН: 050140003056

Жоба әзірлеуші: «МунайЭнерджиГрупп» ЖШС, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 8-ғимарат, н.п. 16-9В БИН: 110140015638 РООС бойынша құжаттама Ұлттық деректер банкінің сайтында орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz> Қоғамдық тыңдауларға шығарылған құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде мына мекенжай бойынша қабылданады: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ,  
Пошталық мекенжайы: 060010, Атырау қ., Айтеке би к-сі, 77 Тел.: 8 (7122) 325-509  
Электрондық пошта: [atr\\_priroda@mail.ru](mailto:atr_priroda@mail.ru) <https://ndbecology.gov.kz> Жобалар бойынша қосымша ақпаратты келесі байланыс арқылы алуға болады: [uaitzhanova@megroup.kz](mailto:uaitzhanova@megroup.kz) Тел.: +7 701 372 04 20 Географиялық координаттар: Солтүстік ендік – 47° 31' 25.91" Шығыс бойлық – 52° 58' 44.96"

Государственное учреждение «Управление строительства, архитектуры и градостроительства Атырауской области» в соответствии с требованиями статьи 96 кодекса РК сообщает, что 10.03.2026 г. по адресу: Атырауская область, Мақатский район, п. Доссор, ул Сулейменова, 39 «Дом культуры», состоятся общественные слушания в формате открытого собрания в 10:00 по Разделу Охраны Окружающей среды (РООС) к техническому проекту «Строительство канализационных сетей и сооружений в пос. Доссор Мақатского района Атырауской области 2 пусковой комплекс». Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/73904211992?pwd=xbdoSsA3J2DPMJUYabwHCAqFHkz0td.1>

Meeting ID: 739 0421 1992. Passcode: G1J5u3

Инициатор – ГУ «Управление строительства, архитектуры и градостроительства Атырауской области», г.Атырау, Айтики Би, 77 Тел: 8 7122 270918 , БИН 050140003056, Разработчик проекта –ТОО «МунайЭнерджиГрупп», г. Астана, пр. Мангилик Ел, здание 8, н.п. 16-9В, БИН 110140015638 Документация по РООС размещена на сайте НДБ <https://ndbecology.gov.kz>. Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Атырауской области», почтовый адрес: 060010, г. Атырау, ул. Айтеке би, 77, тел.: 8 (7122) 325-509, электронный адрес: [atr\\_priroda@mail.ru](mailto:atr_priroda@mail.ru), <https://ndbecology.gov.kz>.Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу: [uaitzhanova@megroup.kz](mailto:uaitzhanova@megroup.kz) тел.: +77013720420. Географические координаты: Северная широта 47° 31' 25.91""Восточная долгота 52° 58' 44.96"

Директор



Кертаев К.М.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес «Атырау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2026 жылғы 10.03.2026 ж. сағат 10:00-де Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Сүлейменов көшесі, 39, «Мәдениет үйі» мекенжайында ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар «Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентінде кәріз желілері мен құрылыстарын салу. 2-іске қосу кешені» техникалық жобасына арналған Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ / РООС) бойынша өткізіледі. Онлайн режимде ZOOM арқылы қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/73904211992?pwd=xbd0SsA3J2DPMJUyabwHCAqFHkz0td.1> Meeting ID: 739 0421 1992. Passcode: G1J5u3

Бастамашы: «Атырау облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ. Атырау қ., Айтеке би к-сі, 77 Тел.: 8 (7122) 27-09-18 БИН: 050140003056 Жоба әзірлеуші: «МунайЭнерджиГрупп» ЖШС, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 8-ғимарат, н.п. 16-9В БИН: 110140015638 РООС бойынша құжаттама Ұлттық деректер банкінің сайтында орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz> Қоғамдық тыңдауларға шығарылған құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде мына мекенжай бойынша қабылданады: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Пошталық мекенжайы: 060010, Атырау қ., Айтеке би к-сі, 77 Тел.: 8 (7122) 325-509 Электрондық пошта: [atr\\_priroda@mail.ru](mailto:atr_priroda@mail.ru) <https://ndbecology.gov.kz> Жобалар бойынша қосымша ақпаратты келесі байланыс арқылы алуға болады: [uaitzhanova@megroup.kz](mailto:uaitzhanova@megroup.kz) Тел.: +7 701 372 04 20 Географиялық координаттар: Солтүстік ендік – 47° 31' 25.91" Шығыс бойлық – 52° 58' 44.96"

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Государственное учреждение «Управление строительства, архитектуры и градостроительства Атырауской области» в соответствии с требованиями статьи 96 кодекса РК сообщает, что 10.03.2026 г. по адресу: Атырауская область, Мақатский район, п. Доссор, ул Сулейменова, 39 «Дом культуры», состоятся общественные слушания в формате открытого собрания в 10:00 по Разделу Охраны Окружающей среды (РООС) к техническому проекту «Строительство канализационных сетей и сооружений в пос. Доссор Мақатского района Атырауской области 2 пусковой комплексе». Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/73904211992?pwd=xbd0SsA3J2DPMJUyabwHCAqFHkz0td.1> Meeting ID: 739 0421 1992. Passcode: G1J5u3

Инициатор – ГУ «Управление строительства, архитектуры и градостроительства Атырауской области», г. Атырау, Айтики Би, 77 Тел: 8 7122 270918, БИН 050140003056, Разработчик проекта – ТОО «МунайЭнерджиГрупп», г. Астана, пр. Мангилик Ел, здание 8, н.п. 16-9В, БИН 110140015638 Документация по РООС размещена на сайте НДБ <https://ndbecology.gov.kz>. Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Атырауской области», почтовый адрес: 060010, г. Атырау, ул. Айтеке би, 77, тел.: 8 (7122) 325-509, электронный адрес: [atr\\_priroda@mail.ru](mailto:atr_priroda@mail.ru), <https://ndbecology.gov.kz> Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу: [uaitzhanova@megroup.kz](mailto:uaitzhanova@megroup.kz) тел.: +77013720420. Географические координаты: Северная широта 47° 31' 25.91" Восточная долгота 52° 58' 44.96"

05/02/2026 12:29

# АҚПАРАТ ИНФОРМАЦИЯ

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ ПОЗДРАВЛЯЕМ





«Атырау облысы  
Құрылыс басқармасы»  
мемлекеттік мекемесі



Государственное учреждение  
«Управление строительства  
Атырауской области»

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентінде кәріз желілері мен құрылыстарын салу» 2-іске қосу кешені жобасына арналған жұмыс жобасының

**«Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша.**

## Жобаны әзірлеуге негіздеме

---

- ▶ Осы жоба «Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентінде кәріз желілері мен құрылыстарын салу» 2-іске қосу кешені жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша әзірленген.
- ▶ Жобаны әзірлеудің мақсаты – жобаланатын жұмыстарды жүргізу кезінде табиғи ортаның қазіргі жағдайын зерттеу, табиғи орта компоненттеріндегі негізгі өзгерістер бағыттарын және олардың әлеуметтік салаға әсер ететін салдарын анықтау, сондай-ақ жобаға енгізілуі тиіс және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шаралардың құрамы бойынша ұсыныстар әзірлеу.



## Техникалық-экономикалық көрсеткіштер

---

Жұмыс жобасында Доссор кентінің алдын ала тазартылған шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларын қабылдау және оларды булану арқылы кәдеге жарату үшін буландыру тоғаны жобаланған.

Буландыру тоғанының сыйымдылығы ағын суларды қабылдау есебімен жылына **584 000 м<sup>3</sup>**, тәулігіне **1800 м<sup>3</sup>**, жылына **365 тәулік** бойы қабылдауға есептелген.

Сондай-ақ жылы мезгілде Доссор кентінің жасыл желектерін және аумақтарын суару үшін жылына **200 000 м<sup>3</sup>** көлемінде суды алу қарастырылған.

Буландыру тоғаны бір-біріне айна тәрізді орналасқан **5 жұптан тұратын, барлығы 10 секциядан** тұрады.

## Атмосфералық ауаға әсері (құрылыс кезеңі)

---

- ▶ Құрылыс кезінде атмосфераны ластаушы негізгі заттар:
    - Қоқыс, ПРС-ты кесу, бұрғылау жұмыстары, шаң шығаратын материалдарды төгу кезінде;
    - Бұрғылау құрылғылары мен компрессорлардың дизель отынын жағу өнімдері;
  - ▶ Жобалау кезеңінде **7 шығарындылар көзі**, оның ішінде **3 бейорганизованная көз** анықталды.
  - ▶ Жұмыстар жүргізу барысында атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері:
    - ❖ **Көз №0001** – БА–15Н бұрғылау қондырғысы;
    - ❖ **Көз №0002** – Ungersall Rand 900 компрессоры;
    - ❖ **Көз №0003** – ДЭС;
    - ❖ **Көз №0004** – ДЭС;
    - ❖ **Көз №6001** – ПРС-ты алу;
    - ❖ **Көз №6002** – Траншеялар мен котловандарды толтыру;
    - ❖ **Көз №6003** – Арнайы техниканың жұмысы.
  - ▶ **2026 жыл:**  
Максималды бір реттік шығарындылар: **3.25853607 г/сек**  
Жалпы шығарындылар: **2.048368962 т/жыл**
  - ▶ **2027 жыл:**  
Максималды бір реттік шығарындылар: **3.25853607 г/сек**  
Жалпы шығарындылар: **2.048368962 т/жыл**
-

## Су ресурстарына әсері

---

Жұмыстар жүргізілетін аймақта маңызды су нысандары жоқ. Каспий теңізі, Жайық, Жем, Сагиз өзендері жобаланатын объектілерден едәуір қашықтықта орналасқан, сондықтан құрылыс және пайдалану кезеңінде су нысандары жоспарланған жұмыстардың әсеріне ұшырамайды.

## Су ресурстарына әсері

Су пайдалану. Ішімдік су жақын маңдағы кенттен бөтелкелерде жеткізіледі.

Пайдалану ерекшелігі	Адам саны	Күнделікті норма (бір адамға)	Күндер саны	Пайдалану, м <sup>3</sup> /жыл	Су шығару, м <sup>3</sup> /жыл
Тұрмыстық-ішімдік қажеттіліктер	12	0,025	330	99	99

Өндірістік қажеттіліктерге арналған су бар су алу ұңғымаларынан автоцистерналармен жеткізіледі, сондай-ақ құрылыс кезеңінде цемент қоспасын дайындау және басқа техникалық қажеттіліктерге пайдаланылады.

Пайдалану	Шығын нормасы, м <sup>3</sup> /ұңғыма	Жұмыс уақыты, тәулік (1 цикл/2 цикл)	Қайта өңделетін су жүйесі, м <sup>3</sup> /ұңғыма	Жалпы пайдалану
Өндірістік қажеттіліктер	420,0	15/105	210,0	1260,0

## Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға әсері

Қалдықтардың атауы	Қалдықтар көлемі, т/жыл	Жинақталу көлемі, т/жыл	Сыртқы ұйымдарға тапсыру, т/жыл
Барлығы:	6,95	6,95	6,95
оның ішінде өндірістік қалдықтар	5,25	5,25	5,25
тұтыну қалдықтары	1,70	1,70	1,70
<b>Қауіпсіз қалдықтар</b>			
Аралас тұрмыстық қалдықтар, код 20 03 01	1,42	1,42	1,42
Құрылыс және бұзу аралас қалдықтары, 17 09 01, 17 09 02 және 17 09 03 кодтарында көрсетілмеген, код 17 09 04	5,25	5,25	5,25
Дәнекерлеу электродтарының қалдықтары, код 12 01 13	0,009	0,009	0,009
Пластикалық бактар мен канистрлер, код 15 01 10*	0,264	0,264	0,264

---

**Назар аударғандарыңызға  
рахмет!**